

Қаржы ұйымдарымен Ынтымастық

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкіметтің Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті.

Жиын барысында экономикалық реформалар мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған мәселелер талқыланды. Үйлестіру кеңесінің алдыңғы отырысының хаттамалық тапсырмаларын орындау қорытындылары мен жобаларды жүзеге асыруды одан әрі оңтайландыру әрі жеделдету жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ бірлескен бағдарламаларды кеңейту мүмкіндіктері қаралды.

Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша еліміздің Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық жөніндегі ұлттық байланыс жасайтын тұлға болып белгіленгенін хабарлады.

Аталған тәсіл жобаны жүзеге асырудағы тәртіпті әрі бірлескен бағдарламалар мен аналитикалық зерттеулердің мақұлдау жеделдігін арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Дүниежүзілік банктің еліміздегі өкілі Андрей Михнев приоритетті бағдарламаларды жоспарлау мен тиімді жүзеге асыру мақсатында қаржыландыру көздерін көрсете отырып, мемлекеттік қарыздар мен мемлекеттік кепілдіктерді қамтитын көпжылдық инвестициялық жоспар бекітуді ұсынды.

Энергетикалық қуат көздерінің бірінен екіншісіне көшу саласындағы бастама-

лар өз алдына бөлек талқыланды. Отырысқа қатысушылар энергетикалық трансформация бойынша приоритетті жобаларды біріктіру мен ұзақмерзімді халықаралық қаржыландыруды тартуға бағытталған елдік инвестициялық платформаны қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды қарады. Энергиямен қамту сенімділігін арттыру, технологиялық жаңарту мен инвестициялар тарту құралы ретінде энергетикалық көшудің маңыздылығы атап өтілді.

Энергетика, Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2025 жыл бойы ЕҚДБ-мен бірлесіп энергетика секторына назар аударып, Қазақстанның әділ энергетикалық көшуі жөніндегі Елдік инвестициялық платформасының (KazJETP) тұжырымдамасын дайындады.

Елдің энергетикалық секторының платформасы ауқымды халықаралық қаржыландыруды тарту мен еліміздің климаттық мақсаттарына қол жеткізуге тиімді интеграцияланған жүйелік тәсіл ретінде қарастырылады. Аталған тетік халықаралық қаржы институттарының, мемлекеттік органдардың және жеке сектордың ресурстарын біріктіре отырып, климаттық қаржыландыруды үйлестіруді қамтамасыз етуге арналған.

Премьер-министр экономиканы тұрақты дамыту мен басым салаларға инвестициялар тартуға халықаралық қаржы институттарымен әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. Үкімет ұзақмерзімді тұрақты әсерлерге қол жеткізуге бағытталған бастамаларды қолдауды әрі туындаған мәселелерге жедел ден қоюды жалғастырады.



Инфекциялық аурулардың ұлттық ғылыми орталығы ашылды

Алматы қаласында Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған стратегиялық маңызды нысан – Инфекциялық аурулардың ұлттық ғылыми орталығының ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, сондай-ақ Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.

Орталық COVID-19 пандемиясы кезінде туындаған сын-қатерлерді ескере отырып салынды. Оның басты мақсаты – денсаулық сақтау жүйесінің төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыру, ғылыми әлеуетті дамыту, заманауи цифрлық шешімдерді енгізу және білікті кадрлар даярлау. 350 төсектік орынға есептелген жаңа медициналық мекеме жыл сайын еліміздің түкпір-түкпі-

рінен туберкулезге шалдыққан 2,5 мың науқасқа емдеу-диагностикалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

«Бұл орталық Президент тапсырмасымен ұлт денсаулығын нығайту және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бой көтерді. Бүгінде мұнда ғылыми зерттеулер, озық технология, болашақ мамандарды тәрбиелеу бағыттары өзара сабақтасып, біртұтас жүйеге айналып отыр. Инфекциялық аурулардың ұлттық ғылыми орталығы өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтауға, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, отандық медициналық ғылымды дамытуға зор үлес қосады деп сенемін», деді Аида Балаева.

Премьер-министрдің орынбасары Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде денсаулық сақтау нысандарымен қатар әлеу-


меттік инфрақұрылым да қарқынды дамып жатқанын атап өтті.

«Кейінгі екі жылда елімізде 695 жаңа медициналық нысан, 614 мың орынға арналған 419 жаңа мектеп салынды. Бұл 19 апатты мектепті жоюға, 58 мектептегі үш ауысымды оқыту мәселесін шешуге, 190 мектептегі оқушы орындарының тапшылығын азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар 237 спорт нысаны пайдалануға берілді, оның ішінде 69-ы қалаларда, 168-і ауылдық жерлерде орналасқан. 2025 жылы 61 мәдениет нысанының құрылысы аяқталды. Өңірлерде 251 нысанда жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл өзгерістер, ең алдымен, халықтың өмір сапасын арттыруға, әлеуметтік қорғауды нығайтуға бағытталған», деп атап өтті А.Балаева.

Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді

Қазақстанда «Жасанды интеллект туралы» жаңа заң күшіне енді. Заңға қол қойылған сәттен бастап 60 күн өтті және белгіленген рәсімдерге сәйкес, бүгіннен бастап қажат толық көлемде қолданысқа енгізілді. Бұл туралы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мәлім етті.

Қабылданған заң елде жасанды интеллектті қолданудың құқықтық негізін қалыптастырып, саладағы мемлекеттік саясаттың басты қағидаты – адам, оның құқықтары, бостандықтары мен әл-ауқатының басымдығы туралы ережелерді бекітеді. Адам, оның өмірі мен ерік-жігері



жасанды интеллект жүйелерін құру және пайдалануда ең жоғарғы құндылық ретінде қарастырылады. ЖИ-ді қолдану адамның саналы түрде шешім қабылдау қабілетін шектемеуі тиіс, ал азаматтардың еркіндігі технологияларды қолданудың барлық кезеңінде сақталуы қажет.

Азаматтар автоматтандырылған деректерді өңдеудің қолданылуы, оның салдары, мұндай өңдеуге қарсылық білдіру мүмкіндігі, сондай-ақ өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктері туралы хабардар болуға құқылы.

Агроөнеркәсіп кешенін зерделеу бағытындағы мәселелер талқыланды

Аудан әкімдігінде Түркістан облысы әкімінің орынбасары Н.Тұрашбековтің тапсырмасына сәйкес агроөнеркәсіп кешенін зерделеу бағытындағы жұмыстарға арналған жиын өтті. Облыстық ветеринария басқарма-

ылым жерлерді мақсатты әрі тиімді пайдалану бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды. Сонымен қатар, жоспарланған ветеринариялық нысандарды салу үшін жер учаске-

Жиында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларына лента тағу жұмыстарын жүргізу мәселесі көтерілді. Бұл шаралардың жол-көлік оқиғаларының алдын алудағы маңыздылығы



сы басшысының орынбасары Қайырбек Мейрмановтың қатысуымен өткен басқосуды аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып, жүргізді.

Жиында ауыл шаруашылығы саласын дамыту, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мал шаруашылығы өнімділігін арттыруға қатысты бірқатар өзекті мәселелер қаралды.

Күн тәртібіне сәйкес, жай-

лерін айқындау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Мал өнімділігі мен өнім сапасын арттыру мақсатында қолдан ұрықтандыру жұмыстарын жүргізу, оның тиімділігін арттыру және қамту ауқымын кеңейту мәселелері де жан-жақты қаралды. Аталған бағыт бойынша ауыл шаруашылығы бөлімі мен ветеринариялық қызмет өкілдерінің ұсыныстары тыңдалды.

атап өтілді. Аталған мәселе бойынша Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Нұрәділ Ерман хабарлама жасады.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жануарларын чиптеу мәселесі қаралып, жануарларды есепке алу, бақылау және ветеринариялық қауіпсіздікті күшейту бағытындағы жұмыстар пысықталды.



Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізілді


Аудан аумағында өрт қауіпсіздігін күшейту және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізілді. Аталған шараға аудан әкімдігінің қызметкерлері, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, газ инспекциясының мамандары және полиция қызметкерлері қатысты.

Шара барысында тұрғын үйлерде, сауда орталықтарында және көше бойында орналасқан сауда нысандарында өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, тұрғын үйлердегі пеш мұржаларын уақтылы тазалау, қауіп төндіретін және талапқа сай келмейтін газ баллондарын пайдаланбау жөнінде ескертулер берілді.

Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі ережелері көрсетілген ақпараттық-ескерту парақшалары таратылып, тұрғындарға қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігі түсіндірілді.

Шараның мақсаты адам өмірі мен денсаулығын қорғау, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу.

Түркістан облысының чемпионатында созақтық спортшы топ жарды



Түркістан қаласындағы Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенінде еркін күрестен жасөспірімдер арасында Түркістан облысының чемпионаты өтті. Дәстүрлі жарысқа 2009–2010 жылы туған жасөспірімдер мен 2011–2012 жылғы кіші жасөспірімдер қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Облыстық біріншілікке аудан-қалалардан 620-ға жуық жас балуан жиналып, боз кілем үстінде жоғары деңгейдегі тартысты бөлесулер өтті. Жарыс барысында жас спортшылар жеңіске жету жолында бар күш-жігерін салып, өз шеберліктері мен дайындығын паш етті.

Аталған чемпионатта Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі, созақтық жас спортшы Мақсұт Ахмет 92 келі салмақ дәрежесінде үздік нәтиже

көрсетіп, Түркістан облысының чемпионы атанды. Осы жеңісі арқылы ел біріншілігіне жолдама алып, алдағы республикалық жарыста Түркістан облысының намысын қорғайды.

Айта кетерлігі, Мақсұт Ахмет өткен жылы да ел біріншілігінде облыс намысын қорғап, Азия чемпионатында Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсетіп, күміс жүлдеге ие болған.

Жас спортшының жаттықтырушысы, еркін күрестен бірнеше чемпион тәрбиелеп шығарған тәжірибелі бапкер Бейсембаев Бақытжанның еңбегін де айта кеткен жөн. Ол ұзақ жылдар бойы балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға сүбелі үлес қосып келе жатқан білікті маман.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қоғамдық бақылау жүргізілді



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қоғамдық бақылау жүргізілді.

Қоғамдық бақылау жұмысына Созақ ауданы әкімі аппаратының өтініштердің қаралуын бақылау және құжаттандырумен қамтамасыз ету бөлімшесінің бас инспекторы С.Қарабаев, Созақ аудандық «Демеу» мугедертер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, ау-

дандық қоғамдық кеңес мүшесі Б.Смахова қатысты.

Аталған іс-шара Созақ ауданы Шолаққорған ауылында орналасқан шаруашылық жүргізу құқығындағы «Созақ аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өтті. 2006 жылы пайдалануға берілген аталған медициналық мекемеде бүгінде ауылдық елді мекендерді қоса алғанда 948 қызметкер еңбек етеді.

Бақылау барысында ауруханада көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында бірқатар мәселелер зерделенді. Атап айтқанда, қабылдауға арналған құжаттар тізбесі мен өтініш үлгілері орналастырылған ақпараттық стендтердің болуы, мемлекеттік қызметтер туралы ақпараттың қолжетімді әрі анық ұсынылуы, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының жай-күйі қаралды.

Сонымен қатар, ғимараттағы дабыл батырмаларының жарамдылығы, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдайлардың жасалуы және көрсетілетін қызметтердің жалпы қолжетімділігі назарға алынды.

Қоғамдық бақылау қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оларды тиісті деңгейде ұйымдастыру бағытында бірқатар ұсынымдар берілді.

Тілге қызмет- елге қызмет

Тіл – ұлттың рухани тірегі, қоғамның дамуын айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Осы орайда «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-сі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, өзге тілдерді меңгеруге жағдай жасау және тіл мәдениетін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Орталықта ересектерге арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша тегін оқу курстары ұйымдастырылады. Оқу бағдарламалары тыңдаушылардың деңгейіне қарай әзірленіп, заманауи



әдістемелер мен интерактивті тәсілдер кеңінен қолданылады. Сабақ барысында коммуникативтік дағдыларды дамытуға, күнделікті өмірде тілді еркін қолдануға басымдық беріледі. Тілдерді меңгертудегі басты мақсат-тыңдаушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыта отырып, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызу. Тыңдаушыларымызды өз толғамын жеткізе алатын кез-келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатындай жағдайға жеткізу.

2025 жылдың 12 айында 7 байқау, 2 акция, 4 дөңгелек үстел, 1 салтанатты шара, 1 челлендж, 1 ұлттық диктант жазу жобасы және «Тіл әлемі: Жыл үздіктері» атты жылды қорытындылау шарасы өткізілді.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында «Қазақ тілінің бейнелі сөздігі» атты электронды сөздік дайындалды. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында «Қазтест» жүйесі арқылы диагностикалық тестілеу жүргізіліп, 159 мекеменің қызметкерлері шақырылды. 2872 аудан тұрғыны диагностикалық тестілеуден өтті.

Орталық жыл ішінде мекемелермен және әлеуметтік серіктестермен тығыз байланыс орнатты. Кәсіпкерлерге, мекеме қызметкерлеріне арналған тіл заңнамасы бойынша түсіндіру кездесулері өткізіліп, ресми құжаттардағы мемлекеттік тіл нормаларын сақтау мәселелері талқыланды. Жарнама-бұл ақпарат қана емес, тілді қалыптастырушы, тілдің дамуына ықпал етуші құрал. Аудандағы көрнекі ақпараттардың сауатты жазылуына талдау жасау, насихат жұмыстарын жүргізу, кәсіпкерлік нысандардағы бақылау-касса машиналарының тілін мемлекеттік тілге ауыстыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында акциялар өткізілді, тұрақта түрде мақала жарияланды.

Жыл қорытындысы ретінде «Тіл әлемі: Жыл үздіктері» атты қорытынды шара өткізіліп, үздік тіл үйренушілер мен оқытушылар, сала мамандары марапатталды. Бұл өз кезегінде тыңдаушылардың ынтасын арттырып, тіл үйренуге деген қызығушылығын күшейтті.

Қорытындылай келе, тілдерді оқыту және дамыту орталығы бір жыл ішінде тіл саясатын жүзеге асыруда, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде және тілдерді дамыту бағытында жұмыстар атқарды. Алдағы уақытта да орталық қызметі өз жалғасын тауып, қоғамның тілдік мәдениетін арттыруға, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ, ағылшын және орыс тілдерін сауатты меңгерту жолында өз жұмысын жалғастыра бермек.

Жәудір Жұмабай,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ директоры.

Созақ ауданының білім бөлімінің 2025–2026 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес 2026 жылдың 12 қаңтар күні Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында, ал 13 қаңтар күні Л.Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында аудандық көшпелі семинар-тренинг өткізілді. Іс-шара «Цифрлық дәуір әлеміндегі жасөспірімдердің денсаулығы» және «Қауіпсіз балалық шақ» жобалары аясында ұйымдастырылып, «Әлеуметтік желілер дәуіріндегі қыз бала мен ата-ананың эмоционалдық байланысы» тақырыбы-



Аудандық көшпелі семинар-тренинг

на арналды. Семинарға ата-аналар, 8–11-сынып қыз балалары, педагогтар және мектеп психологтары қатысты. Семинар-тренингтің негізгі мақсаты-жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, кибербуллингтің, құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің және әлеуметтік желіге тәуелділіктің алдын алу, сондай-ақ олардың құқықтық және психологиялық мәдениетін арттыру, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту болды. Семинар жұмысы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде ата-аналармен, 8–11-сынып қыз балаларымен және педагогтармен «Цифрлық дәуір әлеміндегі жасөспірімдердің денсаулығы» тақырыбында Психологиялық қолдау орталығының Созақ ауданы бойынша координаторы, аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің психология әдіскері Ерденова Жансая мазмұнды таныстырылым жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында цифрлық ортадағы қауіп-қатерлер, жасөспірім психологиясы және ата-ананың қолдау көрсету

рөлі кеңінен түсіндірілді. Екінші кезеңде қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп, тәжірибелік психологиялық тренингтер өткізілді. Атап айтқанда, 10-сынып қыз балаларымен А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Оралбек Манар «Бұл махаббат емес. Бұл-гумингтің жасырын формасы» тақырыбында кейс пен супервизия жүргізді. 9-сынып қыз балаларымен «Суындық» жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Қалиева Дина «Ішкі әлем картасы» (МАК-мандала) және «Сезім» метафоралық ассоциативті карталар арқылы эмоцияларды тануға бағытталған жұмыс жүргізді. Ата-аналармен Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп-интернат-лицейінің педагог-психологы Жұмаділдаева Пернеш «Әлеуметтік желілер дәуіріндегі қыз бала мен ата-ананың эмоционалдық байланысы» тақырыбында тренинг өткізді. 10-сынып қыз балаларымен Н.Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейінің педагог-психологы Аманбекова Гүлнара «Өзімді тану және бағалау» тренингін

ұйымдастырды. 11-сынып қыз балаларымен С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Алтаева Гүлзира «Менің ішкі әлемім!» тақырыбында ішкі эмоцияларды тану және бейнелеу жұмыстарын жүргізді. Ата-аналармен Ф.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Атаханова Сұлхан «Лайк пен жылулықтың арасы» тақырыбында қыз бала мен ата-ана арасындағы эмоциялық байланысты нығайтуға бағытталған тренинг өткізді. 8-сынып қыз балаларымен әдістемелік кабинетінің әдіскері Ерденова Жансая «Қыз бала психологиясында өзін қорғау және жеке шекара қою» тақырыбында психологиялық жұмыстар жүргізді. Семинар-тренинг соңында қыз балалар арасында пікір алмасу ұйымдастырылып, кері байланыс жасалды. Қатысушылар көтерілген тақырыптардың өзектілігін атап өтіп, мұндай іс-шаралардың жасөспірімдердің қауіпсіз әрі саналы қалыптасуына оң ықпал ететінін жеткізді.

Данияр БЕК.



Тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді

Қоғамдағы әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Созақ аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерді зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова тұрғындар арасында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында тұрғындарға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары, қиын жағдайға тап болған азаматтарға көрсетілетін

көмек түрлері, сондай-ақ 111 бірыңғай байланыс орталығының қызметі туралы ақпараттық жадынамалар таратылды. Полиция майоры Айжан Манапова азаматтарға кез келген қауіп немесе қысым жағдайында құқық қорғау органдарына дер кезінде жүгінудің маңыздылығын түсіндірді. Сонымен қатар, көпшілік жүретін орындарға ақпараттық парақшалар ілініп, тұрғындардың әлеуметтік мәселелер жөніндегі хабардарлығын арттыру көзделді. Мұндай профилактикалық шаралар қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтуға және зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.

Әдеби-танымдық кеш өтті

Жуырда Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде Міржақып Дулатовтың 140 жылдық мерейтойына орай 9 «А» сынып оқушылары үшін тәрбие сағаты форматында «Ұлт рухын оятқан тұлға-Міржақып Дулатов» атты әдеби-танымдық кеш өткізілді. Іс-шараны сынып жетекшісі Ж.Тоғызбаева мен мектеп кітапханашысы Қ.Мұстафаева бірлесіп өткізді.

Шараның мақсаты-оқушыларға қазақ халқының көрнекті қайраткері, ақын, жазушы, Алаш зиялысы Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылық мұрасын таныстыру, оның ұлт рухын оятудағы тарихи рөлін көрсету, оқушыларды елін, жерін сүйуге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу болды.

Кеш барысында Мемлекеттік Әнұран орындалып, Міржақып Дулатовтың өмірінен дайындалған бейнеролик көрсетілді. Ақынның өлеңдерінен әдеби монтаж ұйымдастырылды. «Алаш үшін азап» атты сахналық көрініс қойылып, батырлық пен ерлікке арналған би орындалды. «Атамекен» әні жеке және хормен орындалып, көрермендерге арнайы безендірілген тақырыптық бұрыш пен кітап көрмесі таныстырылды.

Шара жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенділік танытып, тарихи тұлғаның еңбегіне құрметпен қарап, патриоттық құндылықтар мен ұлттық рухты сезіне білді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Күтілетін үкілі үміт те көп. «Егемен Қазақстан» газетінің 29 қараша, сенбі күнгі санында журнал-листер Гүлнар Жолжан мен Жас-ұлан Сейілханның «Ауылдың даму бағдары-мемлекеттің стратегиялық міндеті» атты Астана қаласында Президенттің ауыл әкімдерімен кездесуі туралы сараптамалық мақалалары жарық көрді. Мақаланы бастан аяқ оқып шықтым. Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен ауыл әкімдерінің диалог-платформасында Мемлекет басшысы ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін айқындады, сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне көңінен тоқталды. Кең форматты жиында қандай мәселелер көтерілді, ауыл әкімдерінің аузынан қандай өзекті тақырыптарды Президент естіді? Мемлекет басшысы сөзінің басында бұл жиынның мән-маңызы айрықша



мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Сонымен қатар жиында ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтылды. Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырды.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені бір ай ішінде қарап, өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент екпін салған үшінші бағыт—әкімдердің өкілеттігімен қатар

Ауыл әкімдеріне артылған жүк те,

екенін осы жерге, еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері арнайы шақырылғанын атап өтті. Мұнда ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы жиналды. Жалпы, ауыл әкімдері осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отыр.

— Шын мәнінде, тақырып — өте өзекті. Ауылдың жағдайы — еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры — ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше. Әкім — ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл — өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Осында бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Президент 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатқанын, Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасағанын еске салды. 2020 жылы Президент халыққа Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтерген болатын. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Ауыл әкімдерін сайлау жұмысы 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырылды. Бүкіл еліміз бойынша 2 334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы — 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі — бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар екен. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады. Сондықтан Президент айтқандай аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсыныуда. Сонымен қатар Мемлекет басшысы елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатқанын алға тартты. Президенттік жастар кадрлық резервіне қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық

үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алыныпты. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет.

Президент 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алды бағдарламасында ауыл мәселесіне айрықша назар аударды. Алғашқы Жарлығы ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр. Өткен жылғы қараша айында Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарады.

Кейінгі жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар

сайлауда жеңіске жету — алдағы үлкен жұмыстың басы ғана.

— «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті. Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы — ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек. Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылданыуы керек. Құзырлы министрлікпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет, — деді Президент.

Екінші бағыт—ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту.

— Бірақ мұны халыққа пайдасы ти-



қабылданды. Биыл Үкімет алдағы 5 жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті.

Мемлекет басшысы, біріншіден, ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс екенін мәлімдеді. Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл — жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда

етіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Кейінгі жылдары жергілікті билік органдары кезек-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл—менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады. Қазір Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Ауыл әкімдері мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғаны айтылды. Жергілікті

жауапкершілігінің де күшеюі. Оның айтуынша, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл — дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына, өтініштерге атүсті қарамау керек. Жыл өткен сайын халықтың талап-тілегі артып келеді. Әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бірақ бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отырған жөн. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсынысты ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл—барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады. Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл — әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы, төртіншіден, төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру керектігіне тоқталды. Оның айтуынша, әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізуге тиіс. Әйтпесе аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Ауылдық округтердің өзін-өзі қамту деңгейін арттыру мақсатында бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі берілді.

—Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ең бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл—өте дұрыс.

Десек те жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр.

Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтерде пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырғаны дұрыс болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс. Заңды тұлғалардың мүлкі және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке

тарлықтай теңестіреді.

Бұдан соң Президент бесінші басымдық ретінде ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге мән беру керек екенін атап өтті. Бұл ретте ол алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет екенін алға тартты. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі. Алайда бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны жасырын емес. Олар жеке шаруашылық иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Рас, мұндай теріс әрекеттерге тыйым салынбаған. Бірақ бұл ауыл халқының әлауқатын арттыруға кедергі келтіреді. Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыс-

дарламаларында көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің орындалуы бойынша тікелей халық алдында жауапты болады. Президент бастамасымен енгізілген саяси реформаның бірі – қала, аудан, ауыл, әкімдерін тікелей сайлау. Әкімдер халықтың таңдауымен сайланып, қызметке келіп жатыр. Бұл бастама халықтың саяси белсенділігін арттырып, тұрғындарды жергілікті өзін-өзі басқару ісіне тартуға мол мүмкіндік берді. Әкімдер – енді тек тағайындалатын емес, халықтың сенім мандатын алған жауапты тұлға. Депутат та, әкім де – мемлекеттік қызметші. Яғни бәрінің міндеті ортақ: халықпен жұмыс істеу. Елімізде 100 мыңнан аса мемлекеттік қызметкер бар десек, сол 100 мың адамның әрқайсысы өз жұмысына сеніп, тиянақтылық танытып, түсіндіру жұмыстарын дұрыс жүргізсе, қоғамымыз әлдеқайда басқаша болар еді. Әкім ойын, бастамасын үлкенге де, кішіге де

Балықбаев табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тұрғысынан ауыл шаруашылығын дамыту. Ауыл әкімдерінің экологиялық инфрақұрылымды (ағын су жүйесі, санитарлық аймақтар, жасыл белдеу, сүзгілеу алаңдары) дамыту мүмкіндігі шектеулі. Осыған байланысты өндірістен түсетін негізгі экологиялық салықтар мен төлемдердің кемінде белгілі бір бөлігін өндіріс орналасқан ауылдық округ бюджетіне бағыттау тетігін енгізу туралы ұсынысын жеткізді. Бұл да үлкен жеңіс! Осы уақытқа дейін ауыл әкімдері Президентке ұсыныс, пікірін жеткізе алатын ба еді? Ауылдар мен елді мекендердің арасында сол ауылдардың, тарихи жер атауларына қатысты болсын ешқандай белгілер жоқ. Бұғы, ақбөкен, арқар, қыран құс, елік сияқты аңдардың тұғыры неге жарқырап тұрмаса, сол өңірде туған елімізге танымал даңқты ақын-жазушы, ғалым, ғламаларымыздың ұлағатты

күтілетін үкілі үміт те көп

аударылғаны жөн. Мұның бәрін Үкімет өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет. Бірқатар өңір тұрғындары үшін экологиялық айыппұлдарды толық төлеу-аса өзекті мәселе. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Олар бұған толық құқылы. Байқалған теңсіздікті реттеп, мемлекеттік саясаттың ашықтығын, тиім-

тың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алу қажет. «Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

—Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек

түсіндіре білуі керек. Не істеп жатырмыз, не үшін істеп жатырмыз, қайда бара жатырмыз – осының бәрін халыққа ұғындыруы қажет. Міне, Президент нұсқаған бағыт, көрсеткен жол, ешқандай кедергі жоқ. Тек мұнда іскерлік, тіл табысу, тығырықтан шығар жол, шебер шешімдер қабылдау. Біздің ауданымызда ауыл әкімдерінің орташа жасы 37 жас. Бұл нағыз іскерлік, шеберлік, қайраттылық, ізденіске толы жас. Тоқсаныншы жылдардың басында біз қызмет етіп жүргенде ор-

сөздері неге ілініп қоймасақ?

Ұлттық идеология тұрғысында ауыл әкімдері жергілікті абыз ақсақалдардың, ақын-жазушылардың, суретшілер мен тарихшылардың, ұлағатты ұстаздардың пікірлерімен санасып, жиі бас қосып отырса одан ұтары көп болмақ. Ал өзінбілемдікке салынып жатса өзіне сын! Жалпы Президентіміз қордаланып қалған көптеген мәселелерді қозғады, ауыл әкімдерін де тыңдады. Бұл кеңестің жалғасы келер жылдары тағы да жалғасады деген үміттеміз. Арғы



ділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл –Үкімет жұмысының маңызды бағыты. Үкімет өңірдегі бюджет деңгейлері арасында қазынадан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет, – деді Президент.

Цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық округтерсіз құру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдері де белсенді түрде атсалысқаны жөн. Елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын ай-

туге жайлы болуға тиіс. Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де –әкімдер. Әкімнің ең басты міндеті –тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру. Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауылдарымыз да көркейеді деген сөз. Ауыл халқы елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Мен осы сәтті пайдаланып, барлық ауыл тұрғындарына зор алғыс айтамын. Мемлекет әрдайым ауылды қолдайды. Себебі ауыл –ұлтымыздың өзегі. Ауылды жаңа көзқараспен, озық оймен, жаңартылған тәсілдермен бірге дамытуымыз керек, –деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сайланған әкімдер енді өз өкілеттігі кезеңінде сайлауалды бағ-

таша ауыл әкімдерінің жасы 59-60 жас болатын. Демек, іс басына жастар молынан тартылып жатыр деген сөз. Жартытөбе, Шолаққорған, Қыземшек, Сызған, Жуантөбе ауылдарындағы жағымды жаңалықтар мен жетістіктер осы жас, іскер, ізденімпаз әкімдердің еңбегі десек болады.

Сонымен қатар, ауыл әкімдері өздерінің әкімшілік аумағында орналасқан өндіріс орындарына да өзінің айтарлықтай ықпалы болуы керек. Олардың әсіресе салыққа түсім түсіруі, экологиялық апаттарға жол бермеуі, әлеуметтік салаларға өндіріс ошақтарының белсенді ат салысуы тікелей ауыл әкімдерінің құзырында болуы тиіс. Шамасы келмей жатса жоғары басшылыққа шығып жатса сөкеттігі жоқ. Кешегі алқалы жиында Құмкент ауылы әкімі Ерзат

жылы Жартытөбе ауылы «Жыл үздігі» атанып жоғары мінберден көрінсе, өткен жылдың соңғы күндері Түркістан қаласында дәстүрлі «Жыл үздіктері-2025» салтанатты марапаттау рәсімі қорытындыланып, нәтижесінде аудан орталығынан шалғайда орналасқан Жуантөбе ауылы III орын-«Жылдың үздік ауылы» аталымын облыс басшысының қолынан иеленді. Үздік деп танылған Жуантөбе ауылына көлесі жылы бір әлеуметтік нысан салу жоспарланғанын, байқауға облыс аумағындағы жалпы аудан, қаласы бар- 85 ауыл қатысқанын да ескерте кетейін. Ендеше жақсы дәстүр жалғасын тапсын. Біздің аудандағы ауыл әкімдерінің жұмыстарына сәттілік пен абырой жолдас болсын!-дегім келеді.

Мақсат Қарпай.

Қоғамның мәдени-рухани тұрақтылығы ең алдымен оның тарихи тәжірибесі мен қалыптасқан дәстүрлерінің сақталуына байланысты. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрлер тек әдет-ғұрыптық жүйе ретінде ғана емес, халықтың дүниетанымын, рухани бағдарын, ішкі бірлігін айқындайтын маңызды әлеуметтік институт ретінде қызмет етіп келеді. Дәстүрлі нормалар бұзылған сайын қоғамның ішкі тұтастығы әлсіреп, адамдар арасындағы сенім деңгейі төмендейді. Қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі-дәстүрдің бұрмалануы және соның нәтижесінде қалыптасқан сенім дағдарысы. Әсіресе әлеуметтік желілердің әсері, діни сауатсыздық, сырттан келген ағымдар-

ды идеологиялармен тез толтырылады.

Басқа ағымдардың дәстүрді ұстанбауы тек символикалық деңгейде емес, нақты әлеуметтік қатынастарға да зиян келтіреді. Мысалы, отбасының ішкі мәдениетіне тән «жеті ата», «құда-жөке» ұғымдары әлсіреп, туысаралық байланыс үзіледі. Мұндай ағым өкілдері ата-анамен қарым-қатынасты да діни тұрғыдан қате түсіндіріп, өздерінің бөлектенген «қауымдарын» басым қояды. Нәтижесінде жанұя ішінде қайшылық пайда болып, ағайын арасындағы шынайы сенім жоғалады. Көптеген әлеуметтік оқиғаларда радикал көзқарасты ұстанған азаматтардың өз отбасынан шеттеп, қоғамнан бөлініп, оқшауланғаны

рымен үйлестіріп, ұлттық болмысты сақтап қалудың тиімді жолдарын ұсынған. Мазһабтық қағидалар, әсіресе Әбу Ханифа мектебінің құқықтық икемділігі қазақтың әдет-ғұрыптық нормаларымен өзара қабысып, ғасырлар бойы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп келді. Демек, қазіргі кезеңде дәстүрді жоққа шығару – тарихты жоққа шығару, ал Шығыс өркениетіне тән ғылыми-діни сабақтастықты бұзу–қоғам үшін қауіпті үрдіс.

Қоғамдағы сенім дағдарысы тек діни емес, жалпы әлеуметтік қатынастарға әсер етеді. Дәстүрлі құндылықтар әлсіреген сайын адамдар арасындағы өзара сыйластық, жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, тектілік туралы түсінік көмескі-

Бауыржан Момышұлы-ұлт рухын оятқан ұлы жауынгер

Бауыржан Момышұлы–қазақ халқының рухын көтерген ерекше тұлға, батыл әрі дана жауынгер. Ол Отан қорғаудағы ерлігімен ғана емес, ұлттық сана мен патриотизмді оятудағы орны бөлек. Момышұлының әскери шеберлігі мен жанқиярлығы ұрпақтарға үлгі болып, еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға үлкен септігін тигізді. Ол 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Балалық шағы қарапайым еңбек адамдарының отбасында өтті. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі. 1921 жылы бастауыш класы оқуға Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. 1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді. 1932-1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарында қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Туған ауылына қайтып оралып, бірнеше жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді.

Бауыржан Момышұлы шебер қолбасшы ретінде жауынгерлік жолға түсті. Ол командалық қабілеті мен батылдығымен ерекшеленді. Қиын сәттерде өзінің тактикалық шешімдерімен жауынгерлерді жеңіске жетеледі. Бірнеше рет ауыр жарақаттан сауығып, қайтадан майданға оралды.

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы тек әскери ісімен шектелмей, қазақ халқының рухани-мәдени өміріне де белсене араласты. Ол өз тәжірибесі мен көрген-білгенін жастарға үйретуді басты мақсат етті. Оның әскери тактикаға қатысты мақалалары мен естеліктері әскери оқу орындарында оқу құралы ретінде қолданылады. Сонымен қатар, ол өз шығармалары арқылы халықтың рухани дамуына ықпал етіп, туған елінің тарихында мәңгілік із қалдырды. Бауыржан Момышұлының өмірі мен еңбегі-біздің ұлттық мақтанышымыз, әрі рухани байлығымыздың бір бөлшегі.

Бауыржан Момышұлының еңбектері ұлтты патриотизмге, адамгершілікке және еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Ол әрбір қазақ жастарына өз елінің болашағы үшін жауапкершілікпен қарауды насихаттады. Оның шығармалары бүгінгі күнге дейін оқылып, талқылана береді.

Биыл халқымыздың қаһарман перзенті, Кеңес Одағының батыры, жазушы, әскери стратег Бауыржан Момышұлының дүниеге келгеніне 115 жыл толып отыр. Ол – тек соғыс даласында ғана емес, бейбіт өмірде де халқына адал қызмет еткен, рухани мұра қалдырған дара тұлға. Батыр бабамыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен батылдығы, жауынгерлік тәртібі мен әдіс-тәсілі кейінгі буын офицерлерге үлкен үлгі болды. Жазушы ретіндегі еңбектері де терең ойға, ұлт рухын оятар ұлағатты сөздерге толы.

Бауыржан Момышұлы ұлттың намысын ту етіп көтеріп, елдік пен ерлік жолында аянбай тер төкті. Оның «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет» деген сөзі бүгін де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Батырдың өмір жолы, ұстанымы, айтқан ойлары қазіргі жастарға – ұлтжандылық пен отансүйгіштіктің жарқын үлгісі.

Бүгінгі күні елдің қорғаны болатын саналы, білімді, батыл ұрпақ тәрбиелеуде Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірі мен мұралары ерекше орын алады. Ұлт тарихында өшпес із қалдырған ердің есімі әрдайым құрметпен аталып, болашақ ұрпақ санасында жаңғыра бермек.

Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының рухын оятқан ұлы тұлға. Ол тек соғыстың ғана емес, сонымен қатар бейбіт өмірдің де қаһарманы болды. Оның өмірі мен еңбектері ұрпаққа өнеге, ел болашағына бағдар болып табылады. Қазақ жастары оның тағылымына зер сала отырып, елін сүйетін азамат болып өсуі қажет. Момышұлының рухы мәңгі жасайды, оның ерлігі мен идеялары ұрпақ санасында өшпес мұра болып қала береді. Бұл ұлы тұлғаның есімі әрқашан жүректерімізде сақталып, оның ерлік пен патриотизм идеялары келешек ұрпаққа бағыт береді.

Ұ.Тұрсын,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің маманы.

Дәстүрдің бұрмалануы-қоғамдағы сенімге қауіп

дың ықпалы, ұлттық тәрбиенің әлсіреуі сияқты факторлар дәстүрдің мәнін көмескілендіріп, қоғамда қосарланған түсінік қалыптастырып отыр.

Салт-дәстүрдің бұрмалануы көбінесе оны үстірт қабылдаудан басталады. Тарихи контексті, шариғаттағы орны, қоғамдағы қызметі зерттелмей, белгілі бір әдетке субъективті баға беріледі. Көрінген әдетті «дінге қарсы» немесе «ширк» деп бағалау, керісінше кейбір тыйым салынған әрекеттерді «дәстүр» деп ақтап алу – шынайы мәдениеттің әлсіреуіне алып келеді. Мысалы, кей өңірлерде соңғы жылдары байқалатын «дәстүрді жаңғырту» деген желеумен күмәнді ғұрыптарды енгізу немесе шектен тыс ысырапшыл салттарды қалыптастыру халық арасында түсініспеушілік тудырып, дәстүрдің шынайы мәнін бұлыңғыр етеді.

Бұл құбылыстарға қоса, қоғамда дінді дұрыс түсінбеген топтардың дәстүрге қарсы пікірлері белсенді тарала бастады. Псевдодін өкілдері ғасырлар бойы мұсылмандықпен бірге жүрген қазақтың салт-санасын жоққа шығарып, ұлттық болмысты «дінге қайшы» ретінде көрсетуге тырысады. Олар үшін ата-бабаға дұға бағыштау, ас беру, қырқынан шығару, бөтешар, тіпті құрмет пен үлкенге ізет секілді қарапайым әдеттердің өзі «адасу» болып саналады. Осындай пайымдар қоғамда бөлінушілікке, сенім дағдарысына, ұрпақтың тарихи жадының үзілуіне алып келеді. Дәстүрді мойындамау–тек әдетті жоққа шығару емес, ол ұлттың мәдени жадын, әлеуметтік байланыстарын, рухани тамырын қиып тастауға тең.

Соңғы онжылдықта басқа ағым өкілдерінің ұлттық дәстүрлерге қарсы әрекеттері жиілегені байқалады. Арнайы дайындықсыз, шала сауатты уағызшылар әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарды жоққа шығарып, халықты дәстүрден алыстататын радикал көзқарастарды таратады. Олар өздерінің тар шеңберлі түсінігін «таза дін» ретінде көрсетіп, ғасырлар бойы отандық діни білім арқылы қалыптасқан теңгерімді, орта жолды, мазһабтық жүйені жоққа шығарады. Мұндай бағыттың ең қауіпті тұсы–ұлттық және діни бірегейліктің бөлінуі. Егер дәстүрлі ислам мен ұлттық салт ажыраса, қоғамда мәдени-рухани вакуум пайда болады, ал мұндай вакуум әртүрлі радикал-

белгілі.

Дәстүрдің бұрмалануы халықтың діни сауаты төмен болған кезде тез таралады. Себебі, дәстүрдің шариғатпен үйлесетін тұстары ғылыми негізде түсіндірілмесе, оларды теріс бағыттағы топтар өз пайдасына бұрып әкетеді. Мәселен, шариғатта жоқ кейбір ырымдар халық арасында «діни парыз» ретінде қалыптасып кетуі мүмкін. Ал жат ағымдар осы мысалды пайдаланып, «міне, дәстүр – адасу» деген тұжырыммен бүкіл ұлттық мұраны жоққа шығаруға дейін барады. Осылайша, дәстүрдің бұрмалануы мен кез келген ырымның дінге телінуі де, керісінше, ұлттық құндылықты жоққа шығару да қоғамда сенім дағдарысын үдетеді.

Қазіргі қоғамдағы ақпараттық ағынның тым жылдамдығы да дәстүрдің бұрмалануына ықпал етеді. Әлеуметтік желілерде түрлі блогерлердің, дінге қатысы жоқ контент жасаушылардың дәстүрге қатысты үстірт пікірлері халық арасында тез тарайды. Мұндай ақпараттарда ғылыми дәлел, діни негіз, этнографиялық дерек жоқ болғандықтан, қоғамды екі түрлі қарама-қарсы пікірге бөледі. Бірі – дәстүрді шектен тыс мадақтап, оның мәнін көркемдеп жібереді; екіншісі–дәстүрді толық жоққа шығарып, ұлттың өзіндік кодын жоюға бейім тұрады. Екі көзқарастың да салдары–ортақ сенімнің әлсіреуі.

Сенім дағдарысы ең алдымен жастар арасында байқалады. Қазіргі жас буын үшін дәстүр тек ресми рәсім сияқты қабылданып, оның мән-мағынасы толық ашылмайды. Ал діни сауатсыздық фонында кейбір жастар дәстүр мен дінді екі бөлек дүние ретінде түсінеді. Осыдан келіп, ұлттық бірегейліктің әлсіреуі, тарихи жалғастықтың үзілуі, тамырға деген қызығушылықтың төмендеуі секілді қауіптер туындайды. Жат ағымдардың дәстүрге қарсы үгіт-насихаты жасөспірімдер мен студент жастар арасында ерекше тез сіңеді. Себебі олар үшін әлеуметтік орта, қызығушылық, өзіндік «қауымға» қосылу сезімі маңызды. Ал радикал топтар осы әлсіздікті пайдаланып, жастарға «біз–таза дінді ұстанамыз» деген жалған идеологияны ұсынады.

Отандық діни білім жүйесінде дәстүр мен діни негіздің үйлесімі бар екені анық. Қазақ даласына ислам діні келгеннен бастап, ғұламалар мен ағартушылар дәстүрді шариғат қағидала-

ленеді. Сенімсіздік қоғамның әр саласына тарайды: отбасындағы қарым-қатынастан бастап, қоғамның ішкі тұтастығына дейін. Осы тұрғыдан алғанда, дәстүрдің бұрмалануы мен жат ағымдардың ықпалы – ұлттық қауіпсіздікке әсер ететін факторлардың бірі.

Осы жағдайды болдырмаудың негізгі жолдарының бірі – отандық діни білімді күшейту, имамдардың, теологтардың, дінтанушылардың үздіксіз кәсіби даярлығын арттыру. Халыққа ақпарат жеткізуде дәлелді, ғылыми, тарихи және шариғи негіздерді түсіндіру маңызды. Дәстүрдің исламдағы орны, оның анайы ырымдардан айырмашылығы, ұлттық болмысқа әсері сауатты түрде түсіндірілсе, қоғамда сенім де, бірлік те күшейеді. Бұдан бөлек, ұлттық құндылықтарды насихаттауда этнографтар, тарихшылар, педагогтар және мәдениет саласының мамандары бірге жұмыс істеуі керек.

Ұлттық дәстүрді қалпына келтіру деген-өткенді сол күйінде қайталау емес, оның мәнін, тәрбиелік маңызын сақтап, қазіргі қоғам жағдайына бейімдеу. Дәстүрдің түпкі миссиясы–қоғамды біріктіру, адамгершілік нормаларын орнықтыру, ұрпақ тәрбиесін жүйелеу. Егер осы құндылықтар бұрмаланбай, шынайы мазмұнда сақталса, қоғамдағы сенім деңгейі де жоғары болады. Мұндай қоғамда сырттан келген жат идеологияларға орын жоқ.

Қорытындылай келе, дәстүрдің бұрмалануы–тек мәдени мәселе емес, қоғамның рухани қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін фактор. Ұлттық дәстүрге немқұрайлық таныту, оны дұрыс түсінбеу немесе толық жоққа шығару қоғамдық сенімді әлсіретеді, түрлі ағымдардың күшеюіне жол ашады. Сондықтан дәстүрді ғылыми, тарихи және діни тұрғыдан дұрыс түсіндіру, оны шынайы мазмұнымен ұрпақ санасына сіңіру–қазіргі заманның ең маңызды міндеттерінің бірі. Ұрпақтың рухани иммунитетін қалыптастыру, ұлттық ерекшелікті сақтау және қоғамдағы өзара сенім мәдениетін қайта жаңғырту үшін дәстүрді бұрмаламай, оның нағыз тәрбиелік және бірлік тудырушы мәнін қорғау қажет.

Ұ.Перден,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім маманы.

Құқық қорғау және сот жүйесінде істерді жедел әрі тиімді қарау тетіктерін дамыту маңызды болып табылады. Осы мақсатта азаматтық іс жүргізу заңнамасында бұйрықты іс жүргізу институты енгізілген. Ол даулы емес талаптарды сотта жеңілдетілген тәртіппен қарауға мүмкіндік береді.

Бұл талаптардың барлығы борышкер тарапынан дауланбайды деп есептеледі. **Бұйрықты іс жүргізудің негізгі тәртібі** Бұйрықты іс жүргізудің негізгі кезеңдері мыналардан тұрады: **Өтініш беру** Талапкер сотқа сот бұй-

Бұйрықты іс жүргізудің негізгі ерекшеліктері: істі қараудың жеделдігі; рәсімдердің жеңілдетілуі; сот шығындарының аз болуы; сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуы. Сонымен қатар, бұл іс жүргізу нысаны азаматтардың бұзылған құқықтарын

Бұйрықтық іс жүргізудің негізгі тәртібі

Бұйрықты іс жүргізу ұғымы

Бұйрықты іс жүргізу—соттың талапкердің өтініші негізінде, сот отырысын өткізбей және тараптарды шақырмай, сот бұйрығын шығару арқылы істі қарау тәртібі. Бұл іс жүргізу нысаны негізінен талаптың даусыз екендігімен және дәлелдемелердің жазбаша түрде ұсынылуымен сипатталады.

Бұйрықты іс жүргізудің қолданылу аясы

Бұйрықты іс жүргізу мынадай жағдайларда қолданылады:

- ақшалай сомаларды өндіріп алу туралы талаптар бойынша;
- алимент өндіру туралы даусыз талаптарда;
- жалақы немесе өзге де төлемдер бойынша берешекті өндіруде;
- нотариатта куәландырылған немесе жазбаша мәмілелерге негізделген талаптар-

рығын шығару туралы өтініш береді. Өтінішке талаптың негізін растайтын құжаттар қоса тіркелуі тиіс.

Өтінішті соттың қарауы

Судья өтінішті заңда белгіленген мерзімде қарайды. Іс сот отырысын өткізбей, тараптардың қатысуынсыз қаралады.

Сот бұйрығын шығару

Егер талап заң талаптарына сәйкес болса, судья сот бұйрығын шығарады. Сот бұйрығы бір мезгілде атқарушылық құжат болып табылады.

Борышкердің қарсылық білдіру құқығы

Борышкер сот бұйрығының көшірмесін алғаннан кейін белгіленген мерзім ішінде оған қарсылық білдіре алады. Қарсылық түскен жағдайда сот бұйрығы күшін жояды және іс талап қою тәртібімен қаралады.

Бұйрықты іс жүргізудің ерекшеліктері

қысқа мерзімде қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұйрықты іс жүргізудің маңызы

Бұйрықты іс жүргізу сот төрелігінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Ол сот ресурстарын үнемдеуге, даулы емес істерді тез шешуге және азаматтардың сотқа қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бұйрықты іс жүргізу-азаматтық іс жүргізудегі маңызды әрі тиімді институт. Оның негізгі тәртібі істі жеңілдетілген, жедел және үнемді түрде қарауға бағытталған. Сондықтан бұйрықты іс жүргізу құқықтық мемлекет жағдайында сот жүйесінің сапалы жұмыс істеуіне өз үлесін қосады.

Б.Сағынтаев,
Созақ аудандық
сотының судьясы.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 наурызындағы №106 бұйрығымен; «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізілгенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі №331 Заңының 13-бабы 1-тармағына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді делінген. Осыған байланысты, аудандық аумақтық инспекцияға есептердің мынадай түрлері мен мерзімдері бойынша ұсынады;

ФУ1- пестицидтерді, био-агенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды),

сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

ФУ2- пестицидтердің, био-агенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет;

ФУ3- пестицидтерді, био-агенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын 10 қаңтарына дейін;

ФУ4-химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, био-агенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

ФУ5-тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сон-

дай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін; есептілікті Созақ ауданына қарасты жеке және заңды тұлғалар (ШҚ, ӨК, ЖШС, т.б.) табыс етуі керек.

Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексінің 403-бабында жеке тұлғаларға бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне-он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне-он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу туралы әкімшілік шара қаралған.

Фитосанитариялық есептілікті Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, №19 мекен жайы бойынша орналасқан Созақ аудандық аумақтық инспекциясына (4-13-05 факс) уақытылы табыс етулеріңізді сұраймыз.

БЖЗҚ

Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының мөлшері артты

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қызметкер табысынан 3,5% дейін ұлғайтылды (ЖМЗЖ мөлшері жыл сайын кезең-кезеңмен өсуде - 2024 жылы – 1,5%, 2025 жылы – 2,5%, 2026 жылы – 3,5%, 2027 жылы – 4,5%, 2028 жылы – 5%).

Еске сала кетейік, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жұмыс берушілер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) өз қызметкерлерінің пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударуға міндеттелді. Осылайша халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс берушінің қатысуымен іске асырылатын жаңа құрамдас бөлікпен толықтырылды.

ЖМЗЖ енгізу 1975 жылы және одан кейін туған азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуын жақсартуға бағытталған. Себебі бұл санаттағы азаматтардың ынтымақты зейнетақы алу үшін маңызы зор 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі жоқ немесе мүлде аз. Болашақта олардың жиынтық зейнетақысы үш құрамдас бөліктен тұратын болады: мемлекеттен төленетін базалық зейнетақы, қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасатын жинақтаушы зейнетақы және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптасатын шартты-жинақтаушы зейнетақы.

Жұмыс берушілер 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған адамдар, зейнет жасына толған азаматтар, мерзімсіз уақытқа I және II топтағы мүгедектік белгіленген адамдар, әскери қызметшілер және оларға теңестірілген тұлғалар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады. Жұмыс берушілердің ЖМЗЖ-ны уақытылы әрі толық төлеуін қадағалау міндеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жүктелген.

ЖМЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдері өмір бойына жүзеге асырылады. Алайда зейнетақы алушы шетелге тұрақты тұруға көшкен немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын өзгерткен жағдайда бұл төлемдер тоқтатылады. Мұндай жағдайда азамат тек өзінің жеке зейнетақы шотында жинақталған қаражатын ғана ала алады, ал ЖМЗЖ есебінен аударылған қаражат БЖЗҚ-да қалады. Себебі бұл қаражат салымшының жеке меншігі болып саналмайды және шартты зейнетақы шоттарына есептеледі. Сәйкесінше, ЖМЗЖ есебінен қалыптасқан жинақтар мұраға қалдырылмайды және олар зейнетақы төлемдерін ынтымақтылық (тарату) қағидаты бойынша төлеуге арналған. Демек, Қазақстан азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған тұлғалар үшін бұрын төленген ЖМЗЖ қаражаттары қорда қалып, қалған қатысушылар арасында қайта бөлінеді.

Бұған дейін сарапшылар ЖМЗЖ есебінен жиналған қаражатты салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына аудару, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда тең тәсілді қамтамасыз ету мақсатында жасына қарамастан, ЖМЗЖ-мен барлық қызметкерлерді қамту жөнінде ұсыныстар білдірген болатын. Сарапшылар тарапынан жасалған бұл ұсыныстар әзірге талқылау сатысында.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сексеуіл алқабын өрттен қорғайық!

Сексеуіл ауданымыздың табиғи байлығы. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және қауап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиіп алған баукепелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр. Соған қарамастан бұл заңбұзушылардың әрекеттері азаймай отыр. Бүгінде сексеуілді сауда нүктелерінде сатуға тыйым салынып, қатаң бақылауға алынған.

Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын біздің ауданымызда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

Әлібек Дауылбаев,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп Кодексінің талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Егер, біздің мекеме қызметкерлері арасында заң бұзушылық, қызмет этикасы бұзылған жағдайда Созақ аудандық аумақтық инспекцияның 4-13-05 және Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының 6-38-77-сенім телефондарына хабарласуға болады.

Қазақстан республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі.

№	Аты-жөні, тегі	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Дауренбекова Римма Жәгібайқызы	Инспекция басшысы	Әр аптаның сейсенбі күндері	15:00-18:00

ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы.

XX ғасыр трагедиясы:

Байлар институтының күйреуі және ұлт жоғалтқан құндылықтар

(Жалғасы. Басы өткен сандарда). Наушабаев (Науғабаев) Ахмет - еңбегімен байыған, кейін тәркіленген малды бай

Ахмет Наушабаев (Ахмед Науғабаев)-1872 жылы туған, Сырдария округінің Қаратас ауданы, Қақпақ ауылында тұрған. Оның байлығы атадан қалған емес: 30 жасына дейін батрақ болып еңбек етіп, мал-мүлкін өз еңбегімен жинаған.

1920-жылдардың екінші жартысында оның шаруашылығында: 250 бас мал (ірі қара эквивалентінде), 230-700 қой-ешкі, 9 жылқы, 6 ірі қара, 4 есек болған.

Шаруашылығында жалдамалы батрақтар еңбек еткен. Отбасы 11 адамнан тұрған.

1928 жылғы 27 тамыздағы ҚазЦИК декреті негізінде Ахметтің бүкіл мал-мүлкі тәркіленіп, батрақтар арасында таратылды. Өзі әкімшілік жолмен Урал округіне жер аударылуға тиіс болды.

Балалары: Мақсұт, Шатан, Түріпа. **Ниязбеков Заитбек-Бадам өңіріндегі ықпалды бай әулетінің өкілі, саяси қақтығыстарға тартылған тұлға**

Ниязбеков Заитбек—Сырдария округінің Бадам ауданы №14 ауылында тұрған. Шаруашылығын туған ағасы Балпиков Сағатбекпен бірге жүргізген. Ол-өңірге белгілі бай Балпиков Ниязбектің ұлы. Әкесі контрреволюциялық әрекеті үшін ОГПУ коллегиясының қаулысымен Оңтүстік Оралға жер аударылған.

Әкесін қамаудан құтқару мақсатымен ағасы Сағатбек Выездная сессия нарсотының төрағасы Курбанбаевқа пара берген. Бұл отбасының кеңестік органдармен қақтығысын тереңдеткен.

Заитбек ауылдағы коммунистерге қарсы әрекеттерімен көзге түскен: белсенді коммунист Тәжіев Құландықа қастандық жасады деген күдікке ілінген; әкесіне қарсы күәлік еткені үшін ауылдық партия ячейкасының секретарін қорқытқан; Бекмуратов және басқа коммунистерді қараулау мақсатында жергілікті және округтік органдарға көптеген шағымдар түсірген.

Сонымен қатар, ауыл арасында «жаппай конфискация болады» деген сыбыстар таратып, малды жасыруды насихаттаған. Іс жүзінде Заитбек пен Сағатбек өздерінің малдарын туыстары мен бай ақсүйектерге (атқамінерлерге) таратып, соның ішінде Джабаев Қарынтайға жасырған.

Омаров Тұррайали (Төрегәлі) - мал шаруашылығымен айналысқан, 1928 жылғы тәркілеуге ұшыраған бай

Омаров Тұррайали (құжаттарда Төрегәлі)—Сырдария округінен шыққан ауқатты шаруашылық иесі. Негізгі кәсібі—мал өсіру. 1928 жылғы тәркілеу науқаны кезінде оның мал-мүлкі тәркіленген байлар қатарында көрсетіледі.

Мал көлемі жөнінде нақты сандық деректер көрсетілмеген, бірақ тәркілеуге іліккен тұлғалар қатарында болуы оның айтарлықтай ауқатты бай болғанын білдіреді.

Оспанов (Османов) Имам-



берді-300 ірі малға ие, 29 жыл билік қызметінде болған беделді бай

Оспанов Имамберді—Сырдария округінің Созақ ауданындағы бұрынғы Созақ болысының №4 ауылында тұрған ауқатты бай. Ол-Исламға дейінгі дәстүрлі билік жүйесінің өкілі, патша дәуірінде: 20 жыл волостной управитель, 9 жыл би қызметін атқарған. Осы еңбегі үшін крестпен және бірнеше мәрте құрметті шекпендермен марапатталған.

Имамбердінің шаруашылығы өте ауқымды болған: 300 бас мал (ірі қара есебінде).

Отбасы шежіресі де архивте көрсетілген: әкесі—Оспан (Осман), туған інісі—Оспанов Юнус, әкесінің басқа әйелінен туған ағасы—Оспанов Көкебай.

Бұл әулет Созақ өңірінде үлкен беделге ие, билік пен экономикалық ықпал қатар шоғырланған дәстүрлі бай-жергілікті элита өкілдері болғаны анық.

Оспанов (Османов) Көкебай - жер даулары мен элеуметтік қақтығыстардың ортасында болған созақтық бай

Оспанов Көкебай (Кокыбай)-1869 жылы туған, Сырдария округінің Созақ ауданындағы бұрынғы Созақ болысының №4 ауылында тұрған ауқатты бай. Жартылай отырықшы өмір салтын ұстанып, мал шаруашылығымен айналысқан. Оның шаруашылығында: 32 бас ірі қара, шамамен 500 бас қой-ешкі болған. Сонымен бірге 3 жалдамалы батрақ ұстаған.

Патша үкіметі тұсында 2 жыл ауыл старшыны (аульный старшина) қызметін атқарған. Бұл оның жергілікті басқару жүйесінде белгілі орын иеленгенін көрсетеді.

Бұрынғы жылдары №4 ауылдың кедейлері Уездный комитет Союз Қосшы ұйымына арыз түсіріп, Оспановтар әулеті (Көкебай және оның ағайындары) олардың жерін тартып алып, күштеп пайдаланып келгенін хабарлаған. Бұл ауыл ішіндегі әлеуметтік шиеленісті күшейткен.

Осы арыз белгілі болғаннан кейін, байлар кедейлер белсендісіне қысым жасай бастаған. Көкебай мен оның ағайындары Союз Қосшының өкілін қорқытып, «жерді қайта бөлуге әрекет етсе өлтіреміз» деген мазмұндағы қоқан-лоқы көрсетті. Бұл

қылмысты көпшілікпен ұйымдастырып, жауаптылықтан жалтарып кетуге болатынын ашық айтқан.

Кедейлер қозғалысын әлсірету үшін Оспановтар жергілікті беделді кедейді сатып алып, оны өз мүдделеріне пайдаланған.

Мал санағы кезінде Көкебай малдың көп бөлігін жасырып, тек аз көлемін ғана тіркеткен. 1928 жылғы тәркілеу науқаны кезінде оның мал-мүлкі тәркіленіп, өзі әйелі және 1915 жылы туған ұлымен бірге Сырдария округінен тыс жерге аударылды. Әкесі: Оспан (Осман). Әкесі бір ағасы: Оспанов Имамберді (20 жыл волуправитель, 9 жыл би болған беделді тұлға)

Пазылбеков (Фазыльбеков) Исламқұл-ірі мал иесі, беделін антикеңестік мақсатта пайдаланған ағартылған бай

Пазылбеков Исламқұл (Фазыльбеков)-45 жаста, Сырдария округінің Түркістан ауданы, Чилик болысының №7 ауылында тұрған, сауатты (грамотный), ауқатты мал иесі. Негізгі кәсібі — мал шаруашылығы.

Шаруашылығындағы мал саны: 2180 бас ұсақ мал, 150 бас ірі қара. Үш тұрақты жалдамалы батрақ ұстаған.

Исламқұл ауыл арасында үлкен беделге ие болған. Сол беделін кеңес органдарына қарсы бағытталған топтық (группировочная) күресте пайдаланған. Әсіресе төменгі буындағы совпапаратты өз ықпалына алуға бағытталған жасырын әрекеттерге қатысқан.

1926–1928 жылдары: 1906–1907 жылдары туған жастарды есепке алу науқаны кезінде халықты деректерді жасыруға үгіттеген; кеңестік реформаларды тежеу бағытында белсенді антисоветтік үгіт жүргізген.

1928 жылғы 27 тамыздағы ҚазЦИК қаулысы бойынша Исламқұлдың барлық мал-мүлкі тәркіленіп, отбасы Сырдария округінен қуылды.

Анасы: Назым Асылбекова. Бауырлары: Фарманқұл, Арзықұл Пазылбековтер. Ұлы: Исламқұлов Халиқөз. Жұбайы: Назкүл Қалымбетова.

Рахманқұлов-Қызылқұм байлар тобының белсенді ұйымдастырушысы

Рахманқұлов — Сырдария округінің Қызылқұм ауданы №16 ауылының атақты байы, жартылай көшпелі мал

шаруашылығымен айналысқан. Оның қолында 3000-нан астам қой болып, бірнеше батрақ еңбегін пайдаланған. Бай жергілікті байлар тобының ықпалды мүшесі ретінде кеңестік науқандарға қарсы әрекеттерге белсене қатысқан.

Ол өз серіктесі Умаровтың тұтқындалуына қарсылық ретінде жиналған байлар тобымен бірге Чардара каналын қазуға жұмысшы жіберуге тыйым салған, осының салдарынан аудандағы мақта себу науқаны тоқырауға ұшыраған. Сонымен қатар Рахманқұлов басқа байлар, молдалар және бұрынғы волост басқарушыларымен бірге Ақтөбе ауылында өткен волост советтері съезінде кеңестік органдар ұсынған кандидаттарды өткізбей, президиум құрамына бай өкілдерін енгізуге әрекет жасаған.

Ол төменгі буындағы кеңес аппаратында ықпалын сақтап, ауылдағы саяси үдерістерге белсенді араласқан тұлға ретінде сипатталады.

Рахметов Қалмұрза-мүлкін жасырған, ұйымдасқан қарсылық тобының мүшесі

60 жастағы Рахметов Қалмұрза — Сырдария округінің Қызылқұм ауданы №16 ауылында тұрған, жартылай көшпелі дәулетті мал иесі. Шаруашылығында 65 бас ірі қара және 3500-дей қой болып, бірнеше батрақты жалдамалы күш ретінде пайдаланған. Ол малдың бір бөлігін есептен жасырып, алдағы тәркілеуден жалтаруға тырысқан.

Қалмұрза Қызылқұм байлар тобының белсенді мүшесі ретінде Чардарья каналын қазуға жұмысшы жібермеу жөніндегі үгіт-насихатқа қатысып, 1927 жылғы мақта егін науқанының ішінара тоқтауына себепкер болған. Тәркілеу науқаны жақын-даған кезде өз малын Самарканд қаласына сатып жіберуге тырысып, мүлкін құтқару амалдарын жасаған.

Рысбаев Абдубай-ықпалды әулеттен шыққан, кедейлерді қанаған ірі бай

Рысбаев Абдубай—Сырдария округінің Меркі ауданындағы Аспарин болысының №17 ауылының дәулетті тұрғыны. 35 жастағы байдың екі әйелі болған, шаруашылығында 3000 қой және 210 ірі қара ұстаған. Ол бірнеше батрақты пайдаланып, еңбек ақысын төлемеген: мысалы, 9 ай жұмыс істеген Джимбаевқа жалқы бермегені архивтік материалдарда нақты көрсетілген.

Рысбаевтың шыққан әулеті бұрынғы бектер мен волост басқарушыларының тегі болғандықтан, оның ауыл ішіндегі ықпалы зор болған. Бай әсіресе кедейлерге қысым көрсетіп, оларды қанаумен танылған. Ол байлардың алдағы конфискация науқанына қарсы күресу үшін құрылған жасырын топқа қосылып, ауылдық әкімшілікке ықпал ету, жалған құжаттар толтыру, «стихиялы апат» немесе «мал қырылды» деген жалған актілер жасау сияқты әрекеттерге араласқан.

Самат Жұматайұлы, Жас ғалым, Қазақстан және Орталық Азия тарихын зерттеу институтының бас директоры. (Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор: Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор: Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы: Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:

Аға тілші-

Данияр БЕКОВ

Тілші

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайншы-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші-

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев